



2. Педагогикалық – ұйымдастырушылық жұмыс

2.1. Педагогикалық кеңес

Мақсат: тәрбие-білім беру үдерісінің деңгейін арттыру, педагогика ғылымының жетістіктері мен озық тәжірибені практикада пайдалану үшін БҰ ұжымының күш-жігерін біріктіру.

№	Күн тәртібі	Өткізу күні	жауапты
1. № 1 Педагогикалық кеңес Өткізу нысаны: отырыс	Күн тәртібінде: 1. Балабақшаның жаңа 2025-2026 оқу жылына дайындығы 2. Жаз мезгілінің есебі 3. МДҰ –ның үлгілік оқу жоспарымен үлгілік оқу бағдарламасымен таныстыру , 2025-2026 оқу жылының нұсқаулықтағы ерекшеліктерімен таныстыру. 4. Мектепке дейінгі тәрбие – адал азамат пен кәсіби маман қалыптастырудың алғашқы баспалдағы 5. Топтардың перспективалық жоспарын бекіту	Тамыз Есеп беру Анықтама Нормативтік құжаттар Жылдық жоспар Перспективалық жоспарлар ҮІӨ кестесі Күн тәртібі	Меңгеруші әдіскер тәрбиешілер педагогтар
2. № 2 Педагогикалық кеңес «Балалар іс-әрекетінің әртүрлі формалары мен түрлерінде мектеп жасына дейінгі балалардың тілдік күзіреттілігін қалыптастыру	1.Алдыңғы педагогикалық кеңестің тапсырмасының орындалуын талдау. 2. «Заттық – кеңістікті құру арқылы мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеу ортасын ұйымдастыру» тақырыптық бақылау қорытындысы 3. Презентация»Мектеп жасына дейінгі балалардың тілдік күзіреттілігін қалыптастыру әдіс-тәсілдері» іс-тәжірибесі 4. Практикалық бөлім: А) Блиц-сауал Ә) Педагогикалық квест 5. Бірлік және ынтымақ айының есебі	Қараша Есеп беру Бақылау Педагогтар іс-тәжірибесі Анықтама Проектормен жұмыс Сұрақтар тапсырмалар талқылау	Меңгеруші әдіскер тәрбиешілер Б.Улықпанова педагогтар
3. № 3 Педагогикалық кеңес «Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиелеу және оқыту жүйесін ұйымдастыру	1. Алдыңғы педагогикалық кеңестің шешімін орындау нәтижелері. 2. Топтардағы балалардың балабақшаға қатысу, денсаулық жайын анықтау, салыстырмалы бақылау 3. Жасыл балабақша жобасы бойынша жүргізілген жұмыстар 4. Педагог кадрлардың жарты жылдық жұмыс есебі	Қаңтар Бақылау анықтамасы Талдау есебі Қорытынды кесте Талқылау	Меңгеруші әдіскер тәрбиешілер педагогтар

	5. I жарты жылдықтағы аралық мониторингтің қорытындысы 6. Әділдік пен жауапкершілік айының есебі.		
4. № 4 Педагогикалық кеңес Ойын технологиялары арқылы мектеп жасына дейінгі балалардың интеллектуалды-танымдық қабілеттерін дамыту	1. Алдыңғы педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуын талдау. 2. Психологиялық тренинг 3. Ата-ана консультативті бұрышының жұмыс жасау есебі 4. Ақпараттық баяндама «Интеллектуалдық ойындар олардың классификациясы және әзірлемесі, Интеллектуалдық ойын» Зерек балалар» 5. Тәуелсіздік пен отаншылдық айының есебі.	Наурыз	Менгеруші Әдіскер Утеуова. М. тәрбиешілер
		Тренинг Анықтама Іс-тәжірибе Талдау	
№ 5 Педагогикалық кеңес «Оқу жылының қорытындысы» Өткізу нысаны: Дөңгелек үстел	1. Алдыңғы педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуын талдау. 2. Үлгі бағдарламаның мазмұнын игеру бойынша мониторинг жүргізу туралы есеп. 3. Балалардың даму деңгейінің психологиялық диагностикасы. 4. Тәрбиешілерді жазғы сауықтыру маусымына арналған жұмыс жоспарымен таныстыру. Жоспар, күн тәртібін бекіту.	Маусым	Менгеруші әдіскер барлық жас тобы тәрбиешілері, мамандар педагог-психолог
		Есеп беру Бекіту	

«Жолшы»бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны.

29.08.2025 жылы «Жолшы»бөбекжай-бақшасы»МҚКК педагогикалық кеңес отырысының № 1 хаттамасы.

Төрайымы: Ш.Толыбаева

Хатшы: С.Жоламанова

Қатысуға тиіс:8

1.Ш.Толыбаева

2.С.Жоламанова

3.М.Утеуова

4.Б.Улыкпанова

5.Ш.Тайгужиева

6.В.Кадирова

7.А.Жаңабаева

8.Р.Амангосова

Күн тәртібінде: 1. Жазға сауықтыру –шынықтыру шаралардың қорытындысын;

2.Жедел бақылау қорытындысын талдау;

3.Нормативтік құжаттармен таныстыру;

4.Балабақшаның жаңа 2025-2026оқу жылына дайындығын және балабақша жұмысының жылдық жұмыс жоспарын талдау және бекіту.

2025-2026 оқу жылындағы міндеттермен таныстыру,Педагогтардың перспективалық жоспарларын, ұйымдастырылған іс-әрекеттің кестесін, күн тәртібін бекіту;

5.Психолог маманының жылдық жоспарын бекіту.

6. Әр түрлі мәселелер:

Мектепке дейінгі ұйым басшысы жана оқу жылындағы алғаш педагогикалық кеңесті ашық деп жариялап, қаралатын күн тәртібімен таныстырды.

2025-2026 оқу жылындағы жазға сауықтыру –шынықтыру шаралардың жұмыстарының жоспарлануын, жоспарға сәйкес орындалуы туралы мәлімдеме жасалды.Балабақша әдіскері Салтанат Болатқызы тәрбиеші мамандарының жазғы жұмысын талдап қорытындылады.

Екінші мәселе бойынша балабақша әдіскері жедел бақылау қорытындысын жариялады.Топтардың жаңа оқу жылына дайындығы туралы анықтамасын ұсынды.Барлық топ тәрбиешілері балалардың жас ерекшеліктеріне сай топты жабдықтауға көңіл бөлген.

Топтарда заттық дамытушы ортаны толықтыруға қатысты ұсыныстар берілді.

Одан әрі балабақша әдіскері биылғы әдістемелік нұсқау хатпен таныстырды, ал балабақша басшысы осы нұсқау хатпен ұсынылған нормативтік құжаттарды басшылыққа алу қажет екендігін атап өтті. Педагогикалық қызмет барысы стандарт пен бағдарламаны негізге ала отырып жүзеге асатынына көңіл бөлді.

Төртінші мәселе бойынша мектепке дейінгі ұйымның жаңа оқу жылына құрылған жылдық жоспарын таныстырылып толықтырылды.

Жаңа 2025-2026 оқу жылында ойын арқылы оқыту қағидаты негізінде дағдыларды қалыптастыру және ұлттық құндылықты бала бойына сіңіру мақсаты қойылды және келесі міндеттер анықталды.

Жаңа 2025-2026 оқу жылында ойын арқылы оқыту қағидаты негізінде дағдыларды қалыптастыру және ұлттық құндылықты бала бойына сіңіру мақсаты қойылды және келесі міндеттер анықталды.

Балалар іс-әрекетінің әр түрлі формалары мен түрлерінде ұлттық құндылықты, кіріктіру, балалардың тілдік құзреттілігін қалыптастыру.

Жылдық жоспарда белгіленген мақсат-міндеттерге орай педагогикалық кеңес бағыттары атап өтілді. Жылдық міндетке сәйкес шаралар, жауапты тұлғалар белгіленді.

Балабақша топтарының перспективалық жоспарлар, ұйымдастырылған іс-әрекеті, күн тәртібі қаралды және бекітілді.

Әр түрлі мәселелер бөлмеде мектепке дейінгі ұйымның техникалық материалдық базасы жаңартылып, толықтырылып отыратыны атап өтілді. Әр топтың тәрбиешісі балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес заттық – дамытушы ортаны құра білу тиіс. Осыған орай қажетті материалдар мен, ортаны толтыру педагогтің шеберлік көрінісі деп атап өтті балабақша меңгерушісі. Педагогикалық кеңестің күн тәртібінде қаралған мәселелерді түйіндей отырып, шешім қабылданды.

Педагогикалық кеңес шешімі:

1. Жазға сауықтыру – шынықтыру шаралардың қорытындысына «Қанағаттанарлық» деген баға берілсін;
2. Жедел бақылау қорытындысыны қанағаттанарлық деп қабылданын;
3. Нормативтік құжаттар басшылыққа алынсын;
4. Балабақшаның жаңа 2025-2026 оқу жылына арналған жылдық жоспары, Педагогтардың перспективалық жоспарлары, ұйымдастырылған іс-әрекеттің кестесі, күн тәртібі бекітілсін;
5. Психолог маманының жылдық жоспарын бекітілсін.
6. Топ бұрышының толықтыру тапсырмасы орындалсын;

Төр айымы:

Хатшы:



Ш. Голыбаева

С. Жоламанова

«Жолшы»бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны.

28.11.2025 жылы «Жолшы»бөбекжай-бақшасы» МКҚК педагогикалық кеңес отырысының №2 хаттамасы.

Төрайымы: Ш.Толыбаева

Хатшы: С.Жоламанова

Қатысуға тиіс:8

1.А. Мырзагалиева

2.С.Жоламанова

3.М.Утеуова

4.Б.Улыкпанова

5.Ш.Тайгужиева

6.В.Кадирова

7.А.Жаңабаева

8.Р.Аманғосова

Күн тәртібінде:

- 1.Алдыңғы педагогикалық кеңестің тапсырмасының орындалуын талдау;
- 2.Заттық кеңістікті құру арқылы мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеу ортасын ұйымдастыру тақырыптық бақылау қорытындысы.
3. Презентация «Мектеп жасына дейінгі балалардың тілдік құзреттілігін қалыптастыру әдіс тәсілдері» іс-тәжірибесі
- 4.Практикалық бөлім
 - а) Блиц-сауал
 - ә) Педагогикалық квест
5. Бірлік және ынтымақ айының есебі.

Балабақша меңгерушісі Ш.Толыбаева педагогикалық кеңесті ашты.

Алдағы педагогикалық кеңестің тапсырмасының орындалуын талдау және «Заттық –кеңістікті құру арқылы мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеу ортасын ұйымдастыру» тақырыптық бақылау қорытындысына балабақша әдіскері тоқталып өтті.

Тәрбиеші М.Утеуова

«Мектеп жасына дейінгі балалардың тілдік құзреттілігін қалыптастыру әдіс-тәсілдері» іс-тәжірибесін педагог кадрмен көрсетіп, тәрбиеленушілерге үйреткен тіл ұстарту жаттығуларына тоқталып өтті.

Практикалық бөлім

А) Блиц-сауал «Еркетай» топ тәрбиешісі Ш.Тайгужиева Мектепке дейінгі кезең баланың тілінің қарқынды дамиын, сөздік қоры молаятын, сөйлеу дағдылары қалыптасатын маңызды шақ. Тілдік құзреттілікке дұрыс сөйлеу айқын дыбыстау, бай сөздік қор, сөйлем құру, ойды жеткізе білу сияқты қабілеттер жатады.

Педагогикалық квест «Күншуақ» тәрбиешісі Б.Улықпанова

1. Мен, өз ісімнің маманымын.

2. Шеберлік және жауабын тап.

3. Педагогикалық трибуна.

4. Өзгеріс.

5. Шығармашылық тапсырма.

6. Стартквест

Топ тәрбиешілері Бірлік және ынтымақ айның жұмыс жоспарына тоқталып өтті.

Музыка жетекшісі А.Жаңабаева

Топ тәрбиешілерінің айлық есебіне «Қанағаттанарлық» деген баға беремін.

Б.Улықпанова өткізген «Педагогикалық квест» жаттығулары өте ерекше болып өтті.

Педагогикалық кеңес шешімі:

1. Алдыңғы педагогикалық кеңестің тапсырмасының орындалуына;

2. Заттық кеңістікті құру арқылы мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеу ортасын ұйымдастыру тақырыптық бақылау қорытындысына;

3. Презентация «Мектеп жасына дейінгі балалардың тілдік құзреттілігін қалыптастыру әдіс тәсілдері» іс-тәжірибесіне;

4. Практикалық бөлімі бойынша

а) Блиц-сауал;

ә) Педагогикалық квест;

5. Бірлік және ынтымақ айының есебіне «Қанағаттанарлық» деген баға берілсін:

Төр айымы:

Хатшы:



Ш.Толыбаева

С.Жоламанова

«Жолшы»бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны.

30.01.2026 жылы «Жолшы»бөбекжай-бақшасы» МКҚК педагогикалық кеңес отырысының №3 хаттамасы.

Төрайымы: Ш.Толыбаева

Хатшы: С.Жоламанова

Қатысуға тиіс: 7

1. Ш.Толыбаева

2. С.Жоламанова

3. М.Утеуова

4. Б.Улыкпанова

5. Ш.Тайгужиева

6. В.Кадирова

7. А.Жаңабаева

Күн тәртібінде: 1. Алдағы педагогикалық кеңес шешімін орындалу нәтижелері.

2. Топтардағы балалардың балабақшаға қатысты денсаулық жайын анықтау, сарыстырмалы бақылау

3. Жасыл балабақша жобасы бойынша жүргізілген жұмыстар

4. Педагог кадрларының жарты жылдық жұмыс есебі.

5. Жарты жылдық тағы аралық мониторингтің қорытындысы.

6. «Заң мен тәртіп» айынын есебі.

7. Басқа да мәселелер:

Меңгеруші Ш.Толыбаева педагогикалық кеңесті ашыты.

Алдыңғы педагогикалық кеңестің шешімін орындау нәтижесіне әдіскер С.Жоламанова жене топтағы балалардың балабақшаға қатысты , денсаулық жайын анықтау салыстырмалы бақылауына мейірбике Ж.Қазбекова тоқталып өтті.

Тәрбиеші В.Кадирова

«Жасыл балабақша» пилоттық жоба бойынша жүргізілген жұмыстарды атап айтты. «Күншуақ» топ тәрбиеленушілері тәрбиешілерімен бірге аудандық балалар кітапханасына саяхат жасап жасыл әлем, жасыл ел, табиғат туралы кітаптармен танысып біраз мағлұмат алып , кітаптармен танысты.

«Еркетай» топ тәрбиеленушілеріне табиғатты қорғау , жан-жануарларға қамқор болу туралы түсінік бере отырып , құстарға арналған ұялар дайындап, құстарға жем берді.

Әдіскер С.Жоламанова

Жарты жылдық есептерін оқып, презентация арқылы қорғап шықты.

Тәрбиеленушілердің біліктілігі мен дағдыларының көрсеткіші негізінде екі топтың жинақ есебі жүргізіліп, тәрбиеленушілердің бағдарламаны игеру диаграмасын көрсетті.

«Күншуак» топ тәрбиешісі Б. Улыкпанова, «Еркетай» топ тәрбиешісі В. Кадирова
«Заң мен тәртіп» айының айлық есебін берді.
Сөйлеушілер. меңгеруші Ш. Толыбаева
Бүгінгі педагогикалық кеңесте қаралған мәселелерді толық тоқталып өттіңдер.
Жарты жылдық есептеріне «Қанағаттанарлық» деген баға беремін.

Педагогикалық кеңес шешімі:

1. Алдағы педагогикалық кеңес шешімін орындалу нәтижелеріне;
2. Топтардағы балалардың балабақшаға қатысты денсаулық жайын анықтау, сарыстырмалы бақылау ына;
3. Жасыл балабақша жобасы бойынша жүргізілген жұмыстарына;
4. Педагог кадрларының жарты жылдық жұмыс есебіне;
5. Жарты жылдық тағы аралық мониторингтің қорытындысына;
6. «Заң мен тәртіп» айының есебіне «Қанағаттанарлық» деген баға берілсін.
7. Тәрбиешілердің өз білімін жетілдіру бағыты бойынша жұмыстары қадағалансын

Төр айымы:

Хатшы:



Ш. Толыбаева

С. Жоламанова

«Жолшы»бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны.

27.03.2026 жылы «Жолшы»бөбекжай-бақшасы»МКҚК педагогикалық кеңес отырысының № 4 хаттамасы.

Төрайымы: Ш.Толыбаева

Хатшы: С.Жоламанова

Қатысуға тиіс:7

1.Ш.Толыбаева

2.С.Жоламанова

3.М.Утеуова

4.Б.Улыкпанова

5.Ш.Тайгужиева

6.В.Кадирова

7.А.Жаңабаева

Күн тәртібінде:

1. Алдыңғы педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуын талдау.

2.Психологиялық тренинг

3.Ата-ана консультативті бұрышының жұмыс жасау есебі.

4.Ақпараттық баяндама «Интеллектуалдық ойын»Зерек балалар»

Баяндамашы М.Утеуова

5.Тәуелсіздік пен отаншылдық айының есебі.

Меңгеруші Ш.Толыбаева педагогикалық кеңесті ашыты.

«Еркетай» топ тәрбиешісі В.Кадирова педагог кадрлермен психологиялық тренинг өткізді. Тақырыбы: Ойын

Тренингтің мақсаты:Педагогикалық ойын технологиялардың бала дамуына әсерін түсінуіне ықпал ету, интеллектуалды танымдық қабілеттерді дамытуға арналған тиімді ойын әдістерін тәжірибе жүзінде көрсету, педагогтардың шығармашылық және кәсіби белсенділігін арттыру болды.

Әдіскер С.Жоламанова

Ата-ана консультативті жұмысы жоспарға сай өтті. Психолог «Ерте жастағы балалардың психологиялық даму кезеңдері» тақырыбында және «Әке отбасының тірегі» тақырыбында жұмыс жүргізді, ал мейірбике «Баланың ақыл-ой дамытуына әсер ететін тағамдар» туралы баяндама оқып, пайдалы және зиянды тағамдарға тоқталып өтті. Тәрбиешілер тіл ұстарту жаттығуларын орындатып жүр.

Тәрбиеші М.Утеуова

«Интеллектуалды ойындар, олардың классификациясы туралы баяндама оқыды. Баланың дұрыс дамуы үшін тек тамақпен күтім ғана емес, ойлау

қабілеттерін дамытуда өте маңызды, олар ойнап жүріп нәрселер үйренеді. Сонын ішінде интеллектуалды ойындардың үлесі зор екенін айтып өтті.

Педагогтар айлық есебіне тоқталып өтті.

Педагогикалық кеңес шешімі:

1. Алдыңғы педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуына;
2. Психологиялық тренинг өкізу барысына;
3. Ата-ана консультативті бұрышының жұмыс жасау есебіне;
4. Ақпараттық баяндама «Интеллектуалды ойын» Зерек балалар» баяндамасына;
5. Тәуелсіздік пен отаншылдық айының есебіне «Қанағаттанарлық» деген баға берілсін.

Төр айымы:

Хатшы:



Ш.Толыбаева

С.Жоламанова



**«Ақтөбе облысының білім басқармасы Ойыл ауданының білім бөлімі»
мемлекеттік мекемесінің «Жолшы» бөбекжай-бақшасы»
мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны.**

“Адал азамат” біртұтас тәрбие бағдарламасы

Қыркүйек – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы.

Қазан – тәуелсіздік және отаншылдық айы

Қараша – әділдік және жауапкершілік айы

Желтоқсан айы “Бірлік пен ынтымақ айы”

Қаңтар айы “Заң және тәртіп айы”

“Менің Отаным Қазақстан” Ата-аналармен ұлттық көрме



“Тәуелсіздік төрінде”





Үй құстары



Ғажайып қыс



Қардағы бейнелер



Қауіпсіздік шаралары



Дидактикалық ойындар



«Жолшы» бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық
қазыналық кәсіпорыны

Педагогикалық квест

Өткізген: педагог-зерттеуші
Улыкпанова Б.Ж.

Балабақша тәрбиешілеріне арна педагогикалық квест
1-станция "Мен өз ісімнің маманымын"
тапсырмасы- ребусты шешу



бауырмал



бал арасы



хайуанаттар



жүйрік ат

2-станция "Шеберлік және жауабын тап"
тапсырмасы- педагогикалық сұрақтар

сұрақ	жауабы
Мектепке дейінгі жастағы баланың негізгі әрекеті қандай?	Ойын <i>Ойын — баланың дамуының, оқуының, танымының негізгі түрі. Бала ойын арқылы ойлайды, зерттейді, дәлелдейді, қарым-қатынас жасайды.</i>
Баланың дамуының негізгі бес дағдысы қай аталады?	Мектепке дейінгі кезеңдегі 5 негізгі даму дағдысы: Танымдық дағдылар Коммуникативтік дағдылар Шығармашылық дағдылар Әлеуметтік дағдылар Физикалық (қимыл-қозғалыс) дағдылары
Үздіксіз білім беру қағидасы нені білдіреді?	Білім алудың өмір бойы жалғасатын үдеріс екенін білдіреді. Мектепке дейінгі кезеңнен бастап баланың дамуы тоқтамай, әр жас кезеңінде жүйелі білім мен дағды қалыптасады. Бұл қағида: <ul style="list-style-type: none"> • білімнің кезең-кезеңмен бірізді жалғасуын • сабақтастықты • баланың жас ерекшелігіне сай дамуын көздейді.
«Инклюзия» ұғымын түсіндіріңіз.	Инклюзия — барлық балалардың қабілетіне, даму ерекшелігіне қарамастан білім беру үдерісіне толық және тең қатысуын қамтамасыз ету. Инклюзивті білім беру: <ul style="list-style-type: none"> • кемсітусіз оқыту • ерекше білімді қажет ететін балаларды қолдау • барлығына жалпы ортада бірдей мүмкіндік беру • әлеуметтік бейімдеу қағидаларын қамтиды.
Тәрбиеші үшін ең маңызды кәсіби қасиеттер қандай?	Тәрбиешінің негізгі кәсіби қасиеттері: ✓ Педагогикалық қасиеттер: <ul style="list-style-type: none"> • Баланы сүйе білу, құрметтеу • Шыдамдылық • Әділдік • Мейірімділік


- Байқағыштық
- Жауапкершілік
- ✓ **Коммуникативтік қасиеттер:**
 - Жылы қарым-қатынас орнату
 - Баламен, ата-анамен, әріптеспен тіл табысу
 - Тындай білу мәдениеті
- ✓ **Кәсіби-практикалық қасиеттер:**
 - Жоспарлай білу
 - Шығармашылық
 - Стандарт пен бағдарламаны білу
 - Баланың даму ерекшелігін түсіну
 - Инновациялық технологияларды қолдана білу
- ✓ **Жеке тұлғалық қасиеттер:**
 - Төзімділік
 - Өз-өзіне сенімділік
 - Сабырлылық
 - Тәртіптілік
 - Қайырымдылық

3-станция "Педагогикалық трибуна"

тапсырмасы- Қимылдар, мимика арқылы жұмбақ сөздің мағынасын жеткізуге тырысыңыз (мерекелік, фоторепортаж, интерактивті тақта, заң шығарушы), (команда, стенд, өзін-өзі сақтау, сөйлеу)

4-станция "Өзгеріс"

тапсырма- https://wordwall.net/ru/resource/39154573/мамандық_осы_крассворд_қойылады



- 1-ұшқыш
- 2-аспазшы
- 3-мұғалім
- 4-дәрігер
- 5-шаштараз
- 6-заңгер
- 7-есепші
- 8-жүргізуші
- 9-сатушы
- 10-аудармашы
- 11-хатшы

5-станция "Шығармашылық"

тапсырмасы- "Жарнама"

Барлық сөздер бір әріптен басталған газетке арнап жарнама жасаңыз.

Мысалы: «Білім» сөзі

Білім! Білім барлық берекенің бастауы. Білімнің бағасы биік, бағамы берік болса, басқалардан биіктей бересің!

Тапсырма: Шебер, тәртіп, ақыл.

6-станция "Стартквест"

тапсырмасы- «Пазл құрастыр — тұжырымды тап»

Қиып таратылған сөздерден тұжырым құрау:

Мысалы: «Бала – дамудың белсенді қатысушысы!»

«Бірлік бар жерде — нәтиже бар!»

«Кәсіби шеберлік — үздік команданы қалыптастырады!» (сөздерді үлкен қылып шығарып құрастырғызу)

Рефлексиямен аяқтау



«Жолшы» бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық
қазыналық кәсіпорыны

Мектеп жасына дейінгі балалардың тілдік күзіреттілігін
қалыптастыру әдіс-тәсілдері» іс-тәжірибесі

(блиц-сауал)

Өткізген: педагог-модератор
Тайғужиева Ш.С

Мектеп жасына дейінгі балалардың тілдік құзыреттілігін қалыптастыру әдіс тәсілдері

Мектепке дейінгі кезең- баланың тілінің қарқынды дамитын сөздік қоры молаятын, сөйлеу дағдылары қалыптасатын маңызды шақ. Тілдік құзыреттілікке дұрыс сөйлеу айқын дыбыстау, бай сөздік қор, сөйлем құрау ойды жеткізе білу сияқты қабілеттер жатады.

1 Сөздік қорды дамыту әдістері.

1.1 Заттық практикалық әдіс

-балаларға заттарды көрсетіп атауларын айту.

-түр түсін, пішінін қасиетін сипаттау

-заттарды салыстыру топтау

Мысалы Бұл қызыл алма. Алманың түсі қандай. Дәмі қандай.

1.2 Көрнекілік әдіс

-Суреттер, карточкалар, плакаттар муляждар қолдану.

-Суреттер бойынша өздері шағын әңгімелер құру

1.3 Сөздік әдіс

-Тәрбиешінің әңгімелеуі

-Шағын тақпақ, жаңылтпаш жаттау.

-сұрақ жауап әдісі.

2 Дұрыс дыбыстауды қалыптастыру тәсілдері

Артикуляциялық жаттығулар

-тілдің еріннің жақтың қозғалыстарын жаттықтыру.

Фонетикалық жаттығулар

Буын, дыбыс сөз қайталау

Қиын дыбыстарды РЛШС бекіту.

Дыбыстарды есту және ажырату ойындары. Қай дыбысты естідің.

3 Сөйлеу мәдениетін дамыту әдістері

Диалогтық сөйлеуді дамыту

Сұрақ қою-жауап беру

Қарапайым рольдік диалогтар

Бір-бірімен сөйлесетін жұптық жаттығулар

Монологтық сөйлеуді дамыту

Сурет бойынша әңгіме құрау.

Өз тәжірибесі туралы айту. Менің отбасым. Менің ойыншығым. Жұмбақтар

4Тіл дамытудағы ойын тәсілдері.

Тілдік дамыта оқыту ойындары

Кім жылдам атайды. Не өзгерді Суретті тап

Драммалау және рольдік ойындар

Ертегілерді сахналау

Қорытынды

Мектеп жасына дейінгі балалардың тілдік құзыреттілігінің қалыптастыру кешенді үдеріс.ол ойын.Сөйлесу көрнекілік,дыбыстау жаттығулары әдеми шығармалар және күнделікті коммуникация арқылы үздіксіз дамиды.Әр әдіс баланын жас ерекшелігіне сай қызықты және жеңіл түрде берілуі керек